



БҰЙРЫҚ

2023 жылғы 3 тамыз
Балқаш қаласы

ПРИКАЗ

№ 35
город Балхаш

Жалпыға бірдей білім беру қорынан оқушыларға қаржылай көмек көрсету туралы


Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 1005 қаулысына қосымша Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулысымен бекітілген «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу қағидаларын бекіту туралы» қаулысын және аз қамтылған отбасы балаларының қиындықтытарын қарастырып, отбасының материалдық-тұрмыстық ахуалын ескеріп, «Жалпыға білім беру қоры» қаражатынан көмек беру туралы ата – аналардың өтініші негізінде, Қамқоршылық Кеңесте «Жалпыға білім беру қоры» қаражатының дұрыс жұмсалуды талқылау арқылы №1 қамқоршылық Кеңестің шешімін негізге ала отырып,
БҰЙЫРАМЫН:

1. Әлеуметтік педагог А.Т.Керейге қосымшада көрсетілген оқушылардың құжаттарын жинау міндеттелсін.
2. Жалпыға бірдей білім қорынан жалпы құны 1 014 175 теңге қаражат қарастырылсын.
3. Қарастырылған қаражаттан оқушылардың ата-аналарының есеп шотына (бір оқушыға көмек түрінде төленетін қаражат көрсеткіші) 40 567 т (қырық мың бес жүз алпыс жеті) теңге аударылсын.

4. Оқушылардың ата-аналардың есеп шотына аудару мектептің бас есепшісі Г.Д.Садыбаеваға жүктелсін.
5. Бұйрықтың орындалысын мектеп-лицейдің әлеуметтік педагогы А.Т.Керей қадағаласын.

Мектеп – лицей директоры  А.Т.Токейбекова

Бұйрықпен таныстым:

 * Г.Д.Садыбаева
А.Керей